

АКТ

2024 жылы қыркүйек айының 03 күні мектеп асханасының жұмысы тексерілді. Тексерудегі мақсат - тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізуін, мектеп асханасының талапқа сай жұмыс істеуін бақылау.

Тексеру жүргізгендер:

1. Мектеп директоры, комиссия төрағасы: А.Тажмаганбетова
2. Қамқоршылық кеңес төрағасы: А. Байжан
3. Әлеуметтік педагог: А.Асқарова
4. Мектеп медбикесі: М. Әженова
5. Ата-ана: Ж. Жанайысова

Тексеру барысында басшылыққа алынған критерилер:

1. Мектеп асханасының тазалығы.
2. Асты дайындау техникасы
3. Тамақтарды тоңазытқышта, қоймаларда, мұздатқыш камераларда сақтаудың температуралық-ылғалдылық режимін қадағалау, толық тазалау жұмысының сапасы.
4. Асханалық құралдардың талапқа сай болуы.

Мектептегі ыстық тамақты ұйымдастырудың сапасына тексеру жүргізілді.

Ас мәзірі, сыныптардың тамақтану кестесі бар. Бастауыш, орта және жоғарғы буын сыныптарының тамақтану мерзімі қойылып ережесі сақталған. Тексеру кезінде ас мәзірі оқушыларға берілетін ас мәзіріне сәйкес әзірленген.

Кемшіліктер:


1. Асхана құралдары, ет тұрайтын стол, қойма сөрелері талапқа сай емес.
2. Ыдыстар 3 айналымға жеткіліксіз.
3. Желдеткіш жасамайды.
4. Қоқысқа арналған ыдыс жетіспейді.
5. Қызметкердің жеке қолданыстағы дәрілік құтысы ас блогында сөреде тұр.

Комиссия асхана жұмысын жан - жақты тексеріп, төмендегідей шешімге келді.

Шешім: 1. Тамақтың сапасын, құрамын қадағалау комиссия мүшелеріне міндеттелсін.
2. Ескертулер қаперге алынсын.

1. Мектеп директоры, комиссия төрайымы
2. Қамқоршылық кеңес төрағасы
3. Әлеуметтік педагог
4. Мектеп медбикесі
5. Ата ана

А.Тажмаганбетова
А. Байжан
А. Асқарова
М.Әженова
Ж. Жанайысова



Асхана меңгерушісі: А. Жилкишиева

Тажмаганбетова
Жилкишиева

Хаттама №1

03.09.2024 жылы тамақтың сапасын қадағалау комиссиясының отырысы болып өтті.

Қатысқаны:5

Күн тәртібінде:

1. Мектеп асханасының тазалығы.
2. Асты дайындау техникасы
3. Тамақтарды тоңазытқышта, қоймаларда, мұздатқыш камераларда сақтаудың температуралық-ылғалдылық режимін қадағалау, толық тазалау жұмысының сапасы.
4. Асханалық құралдардың талапқа сай болуы.

Тыңдалды:

1. Мектеп асханасының тазалығы үнемі тексеріліп отырады. Аптаның 5-ші күні толық тазалау жұмысы жүргізіледі. Тоңазытқыштар жұмыс жасап тұр. Асхана пеші жұмыс жасап тұр. Асханаға су келіп тұр. Қызметкерлер жұмысы талапқа сай.

Сөйлеу:

1. А.Тажмаганбетова
Мектеп асханасы толық жөндеуді талап етеді. Ас әзірлейтін блоктардың жай - күйінің талапқа сай еместігі көкейде жүрген мәселе.
2. А. Байжан
Тазалық көңілімнен шықпады. Асхана құралдары, ет тұрайтын стол, қойма сөрелері талапқа сай емес. Желдеткіш жасамайды. Қоқысқа арналған ыдыстың жетіспеушілігі. Қызметкердің жеке қолданыстағы дәрілік құтысы ас блогындағы сөреде тұр.
3. М. Әженова
Тамақ сапасын, құрамын үнемі тексеріп отырамын. Оқушылардың жеке гигиенасына тексеру жұмыстары қорытындыланды. Нәтиже жақсы. Асхана қызметкерлерінің денсаулығын үнемі бақылап отырамын.

Қаулы:

1. Комиссия есебі қанағаттанарлық емес деп есептелінсін.
2. Тамақтың сапасын, құрамын қадағалау комиссия мүшелеріне міндеттелсін.
3. Ескертулер қаперге алынсын.

Жиналыс төрайымы:  А.Тажмаганбетова
Жиналыс хатшысы:  А. Асқарова